

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 мамырдағы N 568 қаулысы

033 "Амангелді газ кен орындары топтарын игеру" бағдарламасы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын инвестициялық жобаны іске асыруға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) жарғылық капиталын жарияланған жай акциялардың санын номиналдық құны 500 (бес жүз) теңге 15800000 (он бес миллион сегіз жүз мың) данаға ұлғайту жолымен 7900000000 (жеті миллиард тоғыз жүз миллион) теңге сомасына ұлғайтуды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен 033 "Амангелді газ кен орындары топтарын игеру" бағдарламасы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын инвестициялық жобаны 2003 жылғы 31 желтоқсанныан бастап іске асыру барысында туындаған Қазақстан Республикасының мүліктік құқығын тәуелсіз бағалаушы жүргізген бағалау актісіне сәйкес 7900000000 (жеті миллиард тоғыз жүз миллион) теңге сомасында Қоғамның шығарылған акцияларына ақы төлеу ретінде енгізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі